**Автор**: БАЙЖАНОВА АЙГУЛЬ АСКАРОВНА
**Пән**: Қазақ әдебиеті
**Сынып**: 8-сынып
**Бөлім**: Махаббат және абырой
**Тақырып**: «Бақытсыз Жамал» романындағы кейіпкерлер

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 8.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу; |
| Сабақтың мақсаты: | Тақырыптағы негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу; |
| Тілдік мақсаттар: | Оқушылар орындай алады: Кестелер толтыра алады, өз көзқарастарын білдіреді, ой қорытынды жасайды. Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: тура және жанама мінездеу, кейіпкерді сомдау. |
| Күтілетін нәтиже: | Барлығы: Шығарманың мазмұнын таниды.<br>Басым бөлігі: Шығарманы талдап, сюжеттік желілерін анықтай алады.<br>Кейбірі: Кейіпкерлерді сомдауда мінездеулерді жіктей алады. |
| Бағалау критерийлері: | Әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттайды.<br>Өз көзқарасын білдіреді. |
| Құндылықтарды дарыту: | • Өзін де, өзгені де сыйлау.<br>• Ынтымақтаса жұмыс жүргізу.<br>• Ой-пікірін ашық жеткізу.<br>• Ұлттық және адами құндылықтарға деген құрмет.<br>• Шығармашылық. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Слайдтар. https://bilimland.kz/kk/plans/create |
| Пәнаралық байланыс: | Қазақ тілі, тарих, география, өзін-өзі тану |
| Бастапқы білім: | Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5 минут) | Қызығушылықты ояту . □ Дүниедегі барлық нәрсеге не қажет? (Атау,есім) □ Өзі менің әкемнің баласы, бірақ маған аға да, іні де емес.Бұл кім болғаны? (Мен өзім). «Жартыңды тап» Мақал-мәтелдердің сыңарлары жазылған парақшалар арқылы топтасады. 1.Оқу – білім бұлағы, Білім – өмір шырағы. 2.Асыл – тастан, Ақыл – жастан.<br>3. Білекті бірді жығады, Білімді мыңды жығады. (3 топқа бөлінеді) | Мақалдар жазылған парақшалар |

| **Сабақкезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>(30 минут) | 1-тапсырма. Жеке жұмыс. «Кейіпкерді атаймыз» Роман кейіпкерлерін еске түсіру.<br>1. Сәрсенбай шаңырағына шыр етіп дүниеге келген сәбидің есімі? ( Жамал)<br>2. Жамалдың анасының есімі кім? . ( Шолпан)<br>3. Жамалдың оқытушысының есімі кім? (Ғазиз )<br>4. Сәрсенбай өз қызын қай байдың ұлына ұзатады? ( Байжан)<br>5. Байжанның ұлының есімі және жасы нешеде? ( Жұман , жасы-17)<br>6. Жамал жиын- тойда қандай жігітті кездестіреді? ( Ғали)<br>7. Ғали Жамалды алып қашып кімнің үйінде паналайды? ( Фатихолла)<br>2-тапсырма. Топтық жұмыс. «Т» кестесі «Жамал трагедиясы – бүкіл халықтық трагедия ма, әлде бір қыздың бас қайғысы ма?» мәселесі негізінде Т сызбасын толтыртып және топта талқылату.<br>Халықтық трагедия Жеке бастың қайғысы<br>Дескриптор: - Ұсынылған пікірді өз сөзімен өрбітеді.<br>- Пікірді мысалмен дәлелдейді.<br>- Қорытынды жасайды.<br>3-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Кейіпкерге мінездеме» Кейіпкерлерге портреттік мінездеме беру.<br>Кейіпкер Тура мінездеу Жанама мінездеу<br>Сәрсенбай<br>Шолпан<br>Жамал<br>Ғали<br>Жұман<br>Дескриптор: - кейіпкердің портреттік мінездемелерін жазады.<br>– кейіпкер туралы ой қорытындысын жеткізеді.<br>4-тапсырма.Топтық жұмыс. «Бірге талқылаймыз» Жамалдың мінезіне байланысты берілген анықтамаларды дәлелдеу үшін шығармадан үзінділерді тауып, талдау.<br>Мінез ерекшелігі Шығармадан үзінді Менің ойымша... Мақсаты бар<br>Зерек, оқуға бейім<br>Ақылды<br>Ақын<br>Дескриптор: - өз пікірін дәлелдеуде үзіндіні орынды қолданады.<br>- үзінді бойынша қорытынды шығарады. | А4-парақшалары<br>Кестелер |
| Сабақтың соңы<br>(2 минут) | "Менің пікірім" Оқушылар шығармаға сүйене отырып, өз пікірін білдіреді.<br>Автор Жамалдың бейнесін ашуда қандай сөздер қолданған? | Стикер |
| Рефлексия<br>(3 минут) | Кері байланыс « Мен үшін» Оқушының аты-жөні ........................................................................... Сыныбы ................. Пәні ................<br>Сабақтағы жетістігім Сабақтағы жаңалық Сабақта ұнаған тәсіл Сабақтағы басты қиындық | Кері байланыс парақшасы |